

«Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы» ММ
2024 жылғы « 28» қазан
№ 1918 бұйрығына
9 қосымша

Астана қаласы әкімдігінің
«Кәрім Мыңбаев атындағы № 59 мектеп-лицей»
шаруашылық жүргізу құқығындағы
мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының
Жарғысына енгізілетін өзгерістер

Астана қаласы әкімдігінің «Кәрім Мыңбаев атындағы № 59 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жарғысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

15-тармақтың 4) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«4) азаматтылыққа және патриотизмге, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді және қазақ тілін құрметтеуге, халық дәстүрлерін қадірлеуге, Конституцияға қарсы және қоғамға қарсы кез келген көріністерге төзбеушілікке тәрбиелеу;»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы 11), 12), 13), 14) тармақшалармен толықтырылсын:

«11) жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және дене бітімі мүмкіндіктерін дамыту, адамгершіліктің және салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру;

12) белсенді азаматтық ұстанымы бар жеке тұлғаны тәрбиелеу, республиканың қоғамдық-саяси, экономикалық және мәдени өміріне араласу қажеттіліктерін, жеке тұлғаның өз құқықтары мен міндеттеріне саналы көзқарасын қалыптастыру;

13) отандық және әлемдік мәдениеттің жетістіктеріне баулу, қазақ халқының және Қазақстан Республикасында тұратын басқа да ұлттардың тарихын, әдет-ғұрпы мен дәстүрлерін зерделеуге болып табылады;

14) барлық оқушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін және жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, білім алуға тең қолжетімділікті қамтамасыз етуге жағдайлар жасау.»;

29-тармақтың 3) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«3) Кәсіпорында оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйектен бастап келесі жылғы 25 мамырға дейін жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді. Бірінші сынып оқушылары үшін қосымша апталық демалыстар белгіленеді;»;

41- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«41. Кәсіпорын білім туралы заңнамаға сәйкес кезекті оқу жылының 1 қыркүйегіне дейін алты жастан бастап балаларды бірінші сыныпқа қабылдауды қамтамасыз етеді.

Бірінші сыныпқа баратын балалардың ата-аналарынан (заңды өкілдерінен) өтініштерді қабылдау ағымдағы жылғы 1 сәуірден бастап 31 тамыз аралығында жүргізіледі.»;

54-тармақтың 10) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«10) Кәсіпорында белгіленген бірыңғай мектеп формасын түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қоспағанда, сондай-ақ дене шынықтыру сабақтарында спорттық формасын сақтауға міндетті.»;

55-тармақ мынадай мазмұндағы 5), 6) тармақшалармен толықтырылсын:

«5) мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін енгізуге тыйым салынады;

6) мектеп формасына травматикалық фурнитурасы бар киім мен аксессуарларды киюге тыйым салынады.»;

59-тармақ мынадай мазмұндағы 8) тармақшамен толықтырылсын:

«8) мектеп формасынан түрлі діни конфессиялардың тиесілілік элементтері бар киім киюді және травматикалық фурнитурасы бар аксессуарларды алып тастауға міндетті.»;

80- тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«80. Қамқоршылық кеңес тәуелсіз, оның мүшелерінің өтеусіз негіздегі қызметі, еріктілік, ашықтық, жариялылық пен шынайылық, қағидаттарында әрекет ететін Кәсіпорынды басқарудың алқалы органы болып табылады.

Қамқоршылық кеңес Кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуіне және дамуына жәрдемдесу, өз қызметін білім беру ұйымымен, жұртшылықпен, жергілікті атқарушы және өкілді органдармен, мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке және/немесе заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасай отырып, жүзеге асыруға міндетті, Кәсіпорынның перспективалық даму мәселелерін шешуге қатысады.

Кәсіпорынның Қамқоршылық кеңесі:

1) Кәсіпорынын дамытудың басым бағыттары бойынша ұсынымдарды келіседі;

2) тиісті саланың уәкілетті органына немесе білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органға Қамқоршылық кеңес анықтаған Кәсіпорынның жұмысындағы кемшіліктерді жою туралы ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның бюджетін қалыптастыру кезінде ұсыныстар әзірлейді;

4) даму жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келісу, Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;

5) Кәсіпорынның жарғысына және ішкі ережелеріне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстарды келіседі;

6) Кәсіпорынның эксперименттік білім беру бағдарламаларын келіседі;

7) тиісті деңгейдегі уәкілетті органның аттестаттау комиссиясына біліктілік санатын беруге (растауға) кезекті аттестаттаудан өтуге оның

жұмысының қорытындылары бойынша білім беру ұйымының басшысына ұсыным хат ұсынады;

8) Кәсіпорынға қайырымдылық көмек түрінде түскен қаржы қаражатын бөлу жөнінде келіседі және хаттамалық шешім шығарады, оның нысаналы жұмсалуды туралы, демеушілік, қайырымдылық және өзге де көмекті пайдалану бағыттарын, нысандарын, мөлшері мен тәртібін таңдау жөнінде шешім қабылдайды;

9) білім алушылардың, ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен бостандықтарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады, олардың құқықтарын қорғауға, білім алушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және оларды физикалық, психикалық және өзге де зорлық-зомбылық пен кемсітушіліктен қорғауға жәрдемдеседі;

10) санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуына, тамақ өнімдерінің сапасына, ішу режиміне, іргелес аумақтың жай-күйіне қоғамдық бақылауды жүзеге асырады;

11) білім беру ұйымы басшысының Кәсіпорынның қызметі туралы есептерін жылына кемінде 2 (екі) рет тыңдайды;

12) қиын өмірлік жағдайдағы білім алушыларға қолдау көрсету және материалдық-техникалық базаны нығайту үшін Кәсіпорынның шотына түскен демеушілік қаражаттың жұмсалуды бақылайды;

13) Кәсіпорынның әкімшілігіне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүргізуге жәрдемдеседі;

14) білім алушылардан және ата-аналардан немесе өзге де заңды өкілдерден жасырын сұрау арқылы Кәсіпорынның білім алушылардың оқу жағдайларына қанағаттану дәрежесіне оқу жылы ішінде 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

15) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың Кәсіпорынның мүдделері бойынша үйірмелерде және спорт секцияларында жұмыспен қамтылуына жылына 1 (бір) рет мониторинг жүргізеді;

16) тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алу процесіне мониторинг жүргізеді;

17) педагогикалық ұжымға білім алушылардың отбасыларымен жұмысты жүзеге асыруға жәрдемдеседі, Кәсіпорынның әкімшілігімен бірлесіп, жалпы ата-аналар жиналысын өткізеді;

18) Кәсіпорынның әкімшілігіне білім алушылар арасында құқық бұзушылықтың, нашакорлықтың, алкогольизмнің, темекі шегудің, қаңғыбастықтың, қайыршылықтың, қорлаудың, ойынға құмарлықтың алдын алуда жәрдемдеседі;

19) оқушылар арасында тәртіпті нығайтуға және мұғалімдер, білім алушылар, ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер арасында туындаған жанжалдарды шешуге көмектеседі;

20) Кәсіпорынның қызметі бойынша мәдени-сауықтыру іс-шараларын, конференцияларын, кеңестерін, семинарларын өткізуге ықпал етеді;

21) Қамқоршылық кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша заң және нормативтік құқықтық актілер жобаларын қоғамдық талқылауға қатысады.».
